Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# QAZAQ ÝNIVERSITETI

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№3 (1785)
26 қаңтар
2021 жыл

www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI



## НАҚТЫ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛЫ

**ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның төрағалығымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуы жөніндегі жоғары оқу орындарының ректорларымен жұмыс кеңесі өтті.**



Жиынға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ ректоры Ескендір Бейсембетов, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Т. Балықбаев, Қазақстан-Британ техникалық университетінің ректоры К. Ибрашев және басқа да ЖОО-ның ректорлары мен қоғам қайраткерлері қатысты.

«Біз бүгінде рухани бай ұрпақты ғана емес, бәсекеге қабілетті ұрпақты да тәрбиелеуіміз қажет. Себебі бәсекеге қабілеттілік – табысты ұлт болудың басты шарты. Жекелеген адамдардың емес, бүкіл ұлттың сапасын арттыру керек. Ол үшін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында бәсекеге қабілетті және жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру үшін «Ulttyq tárbıe» жобасы және жастардың ғылыми жетістіктері бойынша «Ақылды ұрпақ» жобасы іске асырылуда. «Қазақи тәрбие-таным» жобасында кітап оқитын жастардың санын көбейту, оның жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру, бос уақытын жоспарлау қарастырылған. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ауқымды құжат даярланды. Онда болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде жас ерекшеліктеріне қарай бейімдеу мәселесі қарастырылады. Осы ретте ЖОО-ғы «Рухани жаңғыру» жобалық кеңселердің жұмысын жандандыруымыз қажет», – деді Ақпарат және қоғамдық даму министрі.

Жиын аясында «Рухани жаңғыру» нақты жобаларды іске асыруға бағытталған кешенді бағдарлама екенін атап айтқан ЖОО басшылары оның келешектегі жандандыру жұмыстарын жан-жақты талқыға салды.

**Өз тілшімізден**

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ

**Кезекті онлайн ректорат жиыны «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын талқылаудан басталды.**



Фото: Д. Балабекұлы

«Бүгінде университеттің басты стратегиялық мақсаты әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетін құру болып отыр. Осы ретте оны іске асырудың тетіктері: университеттің 4.0 инновациялық даму моделін іске асыру және оны ұлттық, халықаралық деңгейде тарату; талант-менеджмент негізінде дайындалған қабілетті талапкерлер мен жетекші ғалымдарды іріктеу; халықаралық байланыстарды жан-жақты кеңейту және қазақстандық білім берудің экспорттық әлеуетін арттыру сынды басқа да бағыттарда алға жылжуымыз қажет», – деді ҚазҰУ басшылығы.

«SDG-Portal.kaznu.kz» жобасы – Қазақстандағы «Орнықты дамудың мақсаттары» білім орталығы туралы баяндама жасаған деректерді талдау және өңдеу орталығының директоры Жаңыл Мамықова «SDG-Portal. kaznu.kz» жобасының идеясы Қазақстанның ақпараттық кеңістігін орнықты даму мақсаттарына арналған білім беру, ғылыми және инновациялық сипаттағы сапалы медиа өнімдермен толтыруға мүмкіндік беретін орнықты даму мақсатындағы бағыттар бойынша зерттеу қызметіне арналатынын атап айтты. Сондай-ақ ол университет сайтында «SDG-Portal.kaznu.kz»-дың құрылымы мен дизайнын әзірлеуді, «Қазақстандық «Орнықты дамудың мақсаттары» білім орталығын бірге құрайық!» онлайн-хакатон өткізу жобасын деректерді талдау және өңдеу орталығы және Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институтымен бірлесе әзірлеуді ұсынды.

**Алия ТҰРМАХАНБЕТОВА**

**ИНВЕСТИЦИИ В НАУЧНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ**
2-стр.



**ЖЫЛ БАСТАУЫНАН ШЫҢЫНА ДЕЙІНГІ ҚОЗҒАЛЫС**
6-бет



**БІЛІКТІ ЕЛ ҚОРҒАНДАРЫН ДАЙЫНДАЙТЫН УНИВЕРСИТЕТ**
7-бет



# ИНВЕСТИЦИИ В НАУЧНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ

**КазНУ приступает к реализации крупного инвестиционного проекта по созданию Научно-технологической долины «Аль-Фараби» (НТД), включающей в себя IT-, инновационный и медико-биологический кластеры.**



КазНУ им. аль-Фараби подписал долгосрочное инвестиционное соглашение с турецкой компанией «Görkem Co.» о начале строительства объектов для развития исследований и подготовки высококвалифицированных специалистов в сфере IT-технологий, инноваций и медицины. Сторонами достигнута договоренность о поэтапной реализации соглашения, общая сумма инвестиций составит порядка 1 млрд. долларов США.

Сегодня ведущие университеты мира, формируя человеческий капитал и являясь точками роста инновационной экономики, определяют развитие своих стран и целых регионов. Передовой опыт развитых стран показывает, что подобные технологические долины создаются на базе крупных университетов на основе триединства науки, образования и инновационного производства.

КазНУ, целенаправленно трансформируясь в исследовательский университет мирового уровня, инициировал создание Научно-технологической долины «Аль-Фараби». Проект получил поддержку Елбасы Н. Назарбаева. Уже начата работа по созданию международного IT-кластера «Альянса университетов Нового Шелкового пути», объединяющего более 150 ведущих вузов мира. Его ядром будет IT-технопарк по модели «Silicon Valley» и суперкомпьютер, предоставляемый КазНУ по гранту Правительства КНР. Соглашение об этом было достигнуто в ходе визита Президента страны К.-Ж. Токаева в Китай.

Также в состав НТД войдут инновационный и медико-биологический кластеры. Будет построена многопрофильная клиника на 500 мест с научно-исследовательской лабораторией. Создание медико-биологического кластера позволит оказывать медицинские услуги на мировом уровне, осуществлять трансферт современных технологий и использовать передовой опыт менеджмента в медицине Юж.Кореи, Канады, Турции и США.




«КазНУ выбран нами для реализации масштабного инвестиционного проекта неслучайно. Мы тщательно изучили казахстанский образовательный рынок в поисках надежного и перспективного партнера. Сотрудничество с лучшим университетом тюркского и исламского мира, занимающим 165 место в глобальном рейтинге, открывает новые возможности для реализации проекта международного уровня и еще больше укрепит отношения наших дружественных стран», – подчеркнул во время встречи Генеральный директор компании «Görkem Co.» Осман Мимарсинаноглу.

В соответствии с договором, инвестор построит объекты, оснастит их необходимым оборудованием и передаст в государственную собственность. Возмещение затрат будет осуществляться за счет совместной операционной деятельности. В текущем году планируется начать реализацию первого этапа инвестиционного проекта.

**Соб. корр.**

# ЖАҢА ФИЛИАЛ ҚҰРЫЛДЫ

**Фармация саласында кадрларды даярлауды жаңарту және оңтайландыру мақсатында «GxP Company» ЖШС базасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың іргелі медицина кафедрасының филиалы құрылды.**

Қазіргі заманғы еңбек нарығы еліміздің жетекші жоғары оқу орнының түлектеріне өз заманына сай келуі тиіс жоғары талаптар қояды. Жұмыс берушілер тек теорияны ғана емес, практикалық дағдыларды да меңгерген жоғары білікті кадрларға қызығушылық танытады. Сондықтан Қазақстанның фармацевтикалық нарығында жетекші орынға ие «GxP Company» базасында ҚазҰУ-дың іргелі медицина кафедрасының филиалы ашылды.




Компанияның жаңа фармацевтикалық тәжірибелерді енгізу саласындағы бедені өте жоғары. «GxP Company» Еуропалық даму және қайта құру банкінің (ЕДҚҚБ) білікті кеңесшісі болып табылады.

Филиал «Фармация» мамандығы бойынша бакалавр және магистранттарды оқытатын болады. Кафедра директоры болып дәрілік заттардың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасының кепілі болып табылатын GxP стандарттары бойынша басқарушы лауазымдарда 10 жылдан астам өтілі бар PhD Данияр Абдамбаев кафедра директоры болып тағайындалды.

**Өз тілшімізден**

## KAZNU.KZ

**Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń baspa isi jáne dızaın kafedrasy oqytýdyń jańa jaǵdaılaryndaǵy oqytýdyń ınteraktıvti nysandaryn belsendi engizýde. ZOOM platformasynda tuńǵysh ret bolashaq redaktor-baspagerler men dızaınerlerge arnalǵan sheberlik synyby ótti.**

Sheberlik sabaǵyn belgili pýblısıs, jýrnalıs, respýblıkalyq «Zań» gazetiniń shef-redaktory Baqtıar Toqtahynov júrgizdi.

Kezdesý stýdentter men oqytýshylardyń úlken qyzyǵýshylyǵyn týdyrdy. Jıyndy oıyn-saýyq túrinde jeńil formatta ótkizgen spıker kóptegen motıvasıalyq áseri bar paıdaly, kásibı aqparatty usyndy. Tyńdaýshylar redaksıadaǵy jumys prosesiniń naqty kórinisi týraly túsinik aldy. Daryndy maman óz tájirıbesimen bólisip, bilim alýshylardyń barlyq suraqtaryna jaýap berdi. Qatysýshylarǵa jańa bastaǵan redaktorlar men jýrnalısterge degen kózqaras, oqytý, qoldaý jáne durys baǵyt baǵdar kórsetý unady.

Esterińizge sala keteıik, egemen Qazaqstannyń qurylýymen «Zań» gazetin qurýdyń bastamashysy Respýblıkanyń Ádilet mınıstri Naǵashbaı Shaıkenov boldy. Birinshi nómir 1994 jyldyń 3 qarashasynda shyqty. 2019 jyldyń shilde aıynan bastap gazettiń bas shef-redaktory Baqtıar Tohtahýnov boldy, onyń komandasynyń arqasynda basylymnyń syrtqy túri men kontenti ózgerdi, gazet tipti shalǵaı óńirlerge de jetedi. «Ońtústik» saıty da óte tanymal. Onlaın-kezdesýler arqyly stýdentter BAQ ókilderimen tanysady jáne teń dárejede dıalog júrgizýdi úırenedi.

***

**Farmasıa salasynda kadrlardy daıarlaýdy jańartý jáne ońtaılandyrý maqsatynda «GxP Company» JShS bazasynda ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń irgeli medısına kafedrasynyń fılıaly quryldy.**

Qazirgi zamanǵy eńbek naryǵy elimizdiń jetekshi joǵary oqý ornynyń túlekterine óz zamanyna saı kelýi tıis joǵary talaptar qoıady. Jumys berýshiler tek teorıany ǵana emes, praktıkalyq daǵdylardy da meńgergen joǵary bilikti kadrlarǵa qyzyǵýshylyq tanytady. Sondyqtan Qazaqstannyń farmasevtıkalyq naryǵynda jetekshi orynǵa ıe «GxP Company» bazasynda QazUÝ-dyń irgeli medısına kafedrasynyń fılıaly ashyldy. Kompanıanyń jańa farmasevtıkalyq tájirıbelerdi engizý salasyndaǵy bedeli óte joǵary. «GxP Company» Eýropalyq damý jáne qaıta qurý bankiniń (EDQQB) bilikti keńesshisi bolyp tabylady.

Fılıal «Farmasıa» mamandyǵy boıynsha bakalavr jáne magıstranttardy oqytatyn bolady. Kafedra dırektory bolyp dárilik zattardyń qaýipsizdigi, tıimdiligi men sapasynyń kepili bolyp tabylatyn GxP standarttary boıynsha basqarýshy laýazymdarda 10 jyldan astam ótili bar PhD Danıar Abdambaev kafedra dırektory bolyp taǵaıyndaldy.

***

**QazUÝ İT, ınovasıalyq jáne medıko-bıologıalyq klasterlerdi qamtıtyn «Ál-Farabı» ǵylymı-tehnologıalyq alqabyn (ǴTA) qurý jónindegi iri ınvestısıalyq jobany iske asyrýǵa kiristi.**

Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ túrkıalyq «Görkem Co.» kompanıasymen IT-tehnologıalar, ınovasıalar men medısına salasyndaǵy zertteýlerdi damytý jáne joǵary bilikti mamandardy daıarlaý úshin qajetti obektiler qurylysyn bastaý týraly uzaq merzimdi ınvestısıalyq kelisimge qol qoıdy. Taraptar kelisimdi kezeń-kezeńimen iske asyrý týraly ýaǵdalastyqqa qol jetkizdi. Investısıanyń jalpy somasy 1 mlrd. AQSh dollary.

Búginde álemniń jetekshi ýnıversıtetteri adamı kapıtaldy qalyptastyra otyryp, ınovasıalyq ekonomıkanyń ósý núktesi retinde óz elderi men tutas óńirlerdiń damýyn aıqyndaýda. Damyǵan elderdiń ozyq tájirıbesi kórsetip otyrǵandaı, mundaı tehnologıalyq alqaptar ǵylym, bilim jáne ınovasıalyq óndiristiń úshtuǵyrlyǵy negizinde iri ýnıversıtetter bazasynda qalyptasady.

В КазНУ прошла зимняя школа кураторов-эвайзеров

# ЖАС ОҚЫТУШЫЛАР МЕКТЕБІ

**Ақпараттық технологиялар факультетінде университеттің жас педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында факультеттің әдістемелік кеңесі мүшелерінің ұйымдастыруымен дәстүрлі «Жас оқытушылар мектебі» семинары онлайн форматта өтті.**

Семинарды Назира Баймулдина «Білім беру үрдісінде визуализациялау» тақырыбындағы баяндамамен бастап, онда оқу материалын игерудің үлкен пайызы білім алушылардың көрнекі қабылдауына байланысты екендігін ерекше атап өтті. А.Р. Тұрғанбаеваның «Кәсібилік – педагог сапасының бірі ретінде» баяндамасы этикалық қана емес, сонымен қатар ғылыми сипаттағы өзекті мәселелерді кейіпкерлердің көрсеткіштерін рәсімдеуге және оларды жасанды нейрондық желіге біріктіруге бола ма? деген мәселелерді қозғады.

Ақпараттық жүйелер кафедрасының доценті А.А. Беделбаев үлкен педагогикалық және өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, ол аудиторияның назарын ағымдағы дәрістің мазмұнына күшейту тетігі негізінде студенттерді оқытуды қарқындату жолдары туралы айтты. Формальды емес оқыту нәтижелерін танудың өте өзекті мәселесін жасанды интеллект және Big Data кафедрасының меңгерушісі М.Е. Мансурова көтерді. Бұл мәселе Coursera, Khan Academy, Arzamas, Microsoft Virtual Academy, Универсариум, Loftblog, Лекториум, HTML Academy, eTutorium және т.б. сияқты түрлі оқыту онлайн платформаларының позицияларының күшеюіне байланысты көбірек назар аудара бастады. Ал оқытушы Е. Бейбітхан жаңа технологиялар мен инновациялық әдістерді пайдалана отырып, зерттеу жобаларына студенттерді тарту және студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру құпияларымен бөлісті.

**Ақпараттық технологиялар факультеті**



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз мақаласында Тәуелсіздіктің 30 жылдық жылнамасын атай келіп, «Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес» болатынын атап көрсетеді.**

# ҰЛТЫМЫЗДЫҢ АРМАН-АҢСАРЫНЫҢ ІСКЕ АСҚАН ДӘУІРІ

Шынымен де бұл – тәуелсіздікке тоғытылған «...дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір» болатыны анық. Тәуелсіздік – қазақтың қарт тарихы куә болатын ұлтымыздың арман-аңсарының іске асқан дәуірі. Өйткені, осынау жанкешті, қаһарман халық өз бостандығын «ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып» аталы сөзі мен жоталы ісінің тиянақталған тұсы. Құрманғазы бабамыздың тарихи күйіне құлақ салсақ, бұл – «Кісен ашқан» заман. Олай болса, тәуелсіздік – өрелі де өршіл халықтың тарихи өндірімі.

Президент: «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?»,– дей келіп, үш он жылдықта жеткен жетістіктерді сала-сала бойынша термелейді. Демек, тәуелсіз 30 жыл – қазақтың өзін-өзі тіктеуді, өз болмысын мүсіндеудегі шығармашылық пен қайраткерлік баяны болғанына куәміз. Осы тұста тәуелсіздік – тарих ананың тағлыматы десек қателеспейміз.

Ел басшысы мақалада: «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», – дейді. Әрине орынды сауал. Шыныменде «Ұлы көшке жол ашылды». Бұл – бүгінгі азаткер сана мен ақылдың дәуірі, іскерлік пен шығармашылық әлеуеттің күні туған өркениет кеңістігі келешекке ұсынылып отыр. Ендігі тәуелсіз тағдыр – өз еліне деген сүйіспеншілігі жалындаған пассионар тұлғаның арына тапсырылғалы тұр. Қасиретті де қасиетті тарихымыздың осынау жарқын беттерінен сабақ алу, құрметпен қарау бүгінгі буынға – парыз, ертеңгі ұрпаққа – аманат. Сайып келгенде, ғасырларға созылған тәуелсіздік жолындағы күреске халқымыздың талай арда азаматтары бас тігіп, қанын да, жанын да қиған ғазиз бабаларымыздың кешегі булыққан арманының өлмей-өшпей ұрпаққа жалғанып, өміршең рухтың атойлап алға шығуына негіз болған бұл тәуелсіздік бүгінгі еркін азаматтың жігерін жанып, намысын ұштайтыны, өзін осы елдің иесі ретінде сезіндіретіні, оның тұлғалық қасиетін сәт сайын биіктетіп отыратыны зайыр. «Тәуелсіздігімізді баянды ету, еліміздің жарқын болашағы үшін қызмет ету – бәріміздің асыл борышымыз», – деген сөздердің шын мәніндегі мағынасы соны білдірсе керек.

Осының «нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлтық рухымыз көтерілетіні» шындық. Олай болса, тәуелсіздік – қазақтың өміршең рухы болмақ. Тәуелсіздік – халқымыздың рухани дәругері. Тәуелсіздік – елдің рухани демесіні. Тәуелсіздік – рухани тұрғыда танымгер азаматтарымыздың тарихи таным білігі дей аламыз. Ақын Нұрлан Оразалиннің сөзімен айтқанда, «Тәуелсіздіктің жаңа кезеңінде бізге рухани кеңістігімізді қорғайтын, ұлттың рухын асқақтататын табанды күрес керек. Осы кеңістікте халықтың бірлігі, ішкі тұтастығы тіл мен рухани құндылықтардың мықтылығымен бекітілуінің» міндет етілуі орынды демекпіз.

**Дәулетбек РАЕВ,**
*филос. ғ. д.,*
*философия кафедрасының профессоры*

# ЕҢ ҚЫМБАТ ҚҰНДЫЛЫҚ

**Биылғы жылы ең қымбат құндылық – тәуелсіздігімізге 30 жыл толмақ. Осынау мерейлі жылдың бастауында «Егемен Қазақстан» газетінде Президентіміздің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарияланды. Өткеннің өнегесі мен болашақтың бағдарын қамтыған бұл мақала еліміздің әрбір азаматына арналған десек артық болмас. Президент мақаласының жылдың басына белгіленіп, жарияланған уақытының да практикалық, идеологиялық әрі саяси мәні зор.**

Мақалада қордаланған мәселелер ғана емес, тың ойлар да қамтылған. Тәуелсіздік таңынан бергі жүріп өткен 30 жылымыз үш онжылдық белеске бөлініп көрсетілуімен бірге қадам басып отырған – төртінші онжылдықтың мақсат-міндеттері де нақтыланған. Әрбір онжылдықта атқарылған келелі істер сараланып, негізді шолу жасалған мақала: «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?», – деген сауалдардан басталған.

Мақаладан қазақы рух есіп тұр. Бұны мақаланың өне бойынан және Президентіміздің онжылдықтарға берген сипаттамасынан жазбай танимыз. Бірінші онжылдық – жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі болса, екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі, үшінші онжылдық – шаңырағымыздың биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналуы кезеңі, – деп көрсетіліп, төртінші онжылдықтағы міндет – қуатты елдің иесі және кемел халық болу, деп белгіленген. Герменевтикалық тұрғыдан алғанда осы жердегі: іргетас, кеңейген кереге, шаңырақ деген сөздердің өзі-ақ жан тебірентеді, ал елдің егесі, елдің иесі, онда да қуатты елдің иесі сөзі мен кемел халық болу мұраты әрбірімізге қанат бітіріп, шаңырақты нұсқап, жауаптылыққа шақырады. Шынында да бұл елдің иесі кім? Бұл ой кешуге тұрарлық келелі мәселе. Аңдай білген адам мақала мазмұнынан қастерлі де қасиетті «Қазақ елі» тіркесін байқайды. Бұның өзі үлкен мәнге ие. Ұлы Отан соғысының – Дүниежүзілік соғыс деп берілуі де көп жайтты меңзейді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақалада «оралмандар» сөзінің орнына ағайындар, қандастар сөзін қолдануы ерекше атап өтуге тұрарлық.

Мақаланың басты ерекшелігі көптің көкейіндегі түйткілді дөп басуы. Халқымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», 20-30 жылдардағы ашаршылық пен қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көргенін, кеңестік кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, ділімізден, дінімізден ажырап қала жаздағанымызды көрсете отырып, Мемлекет басшысы замана көшіне ілесумен қатар, тамырымызды да берік сақтауымыз қажеттігін қадап айтты.

Шынында да, күллі өркениет сапырылысқан осынау сын сағаттарда оларға сіңіп жұтылып кетпеудің басты кепілі – ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетімізден, салт-дәстүрімізден ажырап қалмау. Әлбетте, бұл аталғандар тарихтан ажырағысыз. Бұл ретте Президентіміз тарихи санамызды жаңғырту турасында да келелі ойларын ортаға салды. Тәуелсіздік құндылығы жолында, тарихи жадыны ныктау үшін тарихи еңбектердің ғылыми қауымдастықтар шеңберінен шығып, түсінікті тіл мен қолжетімді сипатта қалың жұртшылыққа бағдарлануы қажеттілігін, жаңа әрі тың деректер тұрғысынан тарихи еңбектер жазылуы, әлі де тарихи фильмдер түсірілуі керектігін ерекше атап көрсетті. Бұл ретте Президенттің қуатты империя «Алтын Орда тарихы» жайлы ойлары нағыз сарабдал саясат пен көрегендік нышаны.

Президенттің мақаладағы жерге байланысты келтірген ойлары: «Қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды... Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын...». Міне, нағыз алып-қосары жоқ, деп түскен, бабымен айтылған жанып түсер оралымды ойлар.

Мемлекет басшысы мемлекеттік тіл мәртебесіне де тоқталып, құлқы барлардың ағылшын тілін қысқа уақытта меңгере алатынын мысал етіп, мемлекеттік тілді үйренудегі мәселе басқада емес, ынта мен ниетте екенін кесіп айтты. Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы мен міндеті деп көрсетті. Мақаладағы тағы бір ерекшелік әрі жаңалық – азаттық жылдарында дүниеге келген, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты гранттың көзделуі.

Ендеше Тұңғыш Президент бағыты мен Бүгінгі Президент бағдарын жалғастыратын тәуелсіздік ұрпақтары азаттық көгінде самғай берсін дегіміз келеді.

**Ерболат ҚОШҚАРБАЕВ,**
*философия кафедрасының*
*аға оқытушысы*

***ҚазҰУ-дың Қытайтану кафедрасы ҚХР Бежің қаласында шетелдіктер арасында қытай фильмдері мен теледидар туындыларын дубляждау бойынша байқауға қатысып, «Үздік ұйым» номинациясына ие болды***

# Time to Sing

**Time to Sing is the song club at the Faculty of Oriental Studies, under the supervision of a senior lecturer of the Foreign Languages Department Y.N. Mikhalchenko. The first meeting of the club members was held on September 30, 2020.**

The topic of the meeting was "South Korean group BTS ". The meeting was attended by 1st year students of the Faculty of Oriental Studies. The purpose of this club is to classify, expand and improve the knowledge, students' skills and abilities in the English language. First of all, these are the auditing skills and expanding the vocabulary. In addition, songs stimulate students' motivation to master target language.

We live in an unusual time, life all over the world suddenly stopped at a moment. Despite this, life goes on, you need to find time for your loved ones, friends and, of course, for your hobbies. It's not a very fun time, but we have to adjust. We must not get depressed, we must go forward. This is what the guys from BTS sing about, so their songs are best fit for a club meeting. Happy people sing. We try to find such happy people and sing together.

Students did not stay aside, they prepared their performances, in which they told what they know about the members of this group, many of them showed their talented work - dances, drawings. Most of them are ARMY – those who love the group.

The students were introduced to the song ***Dynamite***, its interesting phrases and expressions. This is the only song sung entirely in English. The song is timely, it has wonderful words about how to **light up** your gray, dull world yourself. The group itself is interesting because the participants motivate people of different ages around the world to be themselves, to achieve their goals. BTS teaches us a lot. The guys are sincere, open, active in all aspects of life, they are creative, hardworking. BTS is collecting stadiums, breaking four records in the United States in less than two years, and collectively selling over 20 million copies of their 4 albums. Experts agree that their experience is unique, and their success is the result of a number of non-random circumstances that cannot be repeated.

We also discussed lessons, which BTS teach us.
1. Popular music does not need to be in English. The group debuted 7 years ago, and it redefined what it means for a foreign artist to succeed in the West. BTS has 4 #1 albums on the Billboard. Three of them were in the same year. Do you know who else did the same? – The Beatles. Meanwhile, BTS continues to sing in Korean.

2. Catchy songs can hide some seriously meaningful lyrics. BTS' music explores everything from the South Korean culture to Greek mythology, to psychological concepts. In their latest album Map of the *Soul. Persona* they speak about the face we show to the public and the shadows we try to hide, and the ego, the centre of our consciousness.

3. Self-love is the key to happiness. You should love your faults and all. They say – I am the one should be loved in this world.

4. One band can change the world. They partnered with the UNICEF and raised over $2 million for *the Love Myself* campaign to fight violence against children. BTS also donated to orphanages, educational programmes and coronavirus efforts.

In terms of learning English, the song contains a large number of commonly used words and phrases that everyone needs to learn.

**1.Bring the fire** – to bring enthusiasm/passion; **Set the night alight** – let's have a good time tonight

e.g. We need you to bring the fire in this game; this is a must-win.

**Fire (adj.)**- amazing, fantastic, crazy (in a good sense).

**2.Heavy** – 1) very good, amazing. e.g. This new BTS song is heavy! 2) something is very serious or intense. e.g. That's quite a heavy subject for now!

**3.I'm good to go** – I'm ready.

**4.Word up (Am.)** – 1). Greeting (Hey!) 2). Agreement. That's right!

**5.Off the wall** – unconventional or crazy. e.g. Just move like we're off the wall.

BTS has such bonds that have made their community so unique for these past 7 years and hopefully for many more upcoming years.

**Y.N. MIKHALCHENKO,**
*Foreign Language Department*

# LET'S BRIGHTEN THE CORNER WHERE WE ARE!

I work at al-Farabi Kazakh National University, Department of Foreign Languages, and teach the subject "Foreign language" for the 1st course students of the Faculty of Law. In one of the English lessons, we conducted a topical lesson "Brighten the Corner where you are!", and I introduced students to a university project. This project addresses the eternal questions of mankind: "What do I live for?", "What is happiness for me?". At the topical lesson we discussed about this project with students, they gave their examples happiness, being kind and helpful to others. Analyzed the content of the text "Brighten the Corner where you are!", worked with new vocabulary, and did grammar and lexical exercises. At the end of the topical lesson, I gave the students the task of writing an essay on one of these topics mentioned above. In the next English lesson, they have already submitted their essays. I especially liked the works of the students who are studying on the specialty 6B12301- "Law enforcement", Kanzhigitova Aruzhan, Yerkuat Nurdaulet, and Mukhamadi Yerdaulet. And it seems to me that short passages of their essays are worthy to be published in the newspaper "Kazakh University".

## WHAT IS HAPPINESS FOR US?

**Before conducting this topical lesson about the university project "Brighten the Corner where you are!", I thought for a very long time how to explain, describe and present all these for the students. It is very difficult to express the topic in simple words, but still I will try to convey to my readers the main idea of this extraordinary university project. But in this case, our image article will turn into an essay. After all, the very word "happiness" makes us write more and more about it. The project originates from the Han Yan University in Korea, Yung Seel Kim, the honorary president of this university founded this project for the first time. His main goal in the creation of the project was to create a society where all its inhabitants would live in peace and be happy.**



Kanzhigitova Aruzhan, a student of the 1st course thinks that happiness comes from the very birth of a person. The smile of the mother, father, the joy of the whole environment. Although we were just children and did not know anything about this world, we felt all the particles of warmth with our souls. Along with happiness, there is a concern for us. We are safe and we are surrounded by attention. It's nice, and it is also considered a companion of the happiness. Entering a new stage in life makes those around us worry and look with hope to our favorable future. Each of us will feel this experience. But this experience is also associated with happiness. Because we know that we are needed and dear to someone around us.

One of my 1st course student Yerkuat Nurdaulet writes in his essay that there are different periods of life on our way. For example, winning the competitions, being surrounded by friends, becoming successful in everything. All the important events in life, and even seeming little things that make us smile, make us happier. He personally admires nature. When he walks down the street and looks at the landscape, he freezes in place. He can stand there for about 10-15 minutes and admire the beautiful nature. It doesn't matter what the weather is: the sun, which kindles the body, or the cold, leading to freezing to the bones. The readers may think that he is a strange person, but he thinks we should not adapt to the bustle of the city, the conversation of the people on the street. It is important to just say to ourselves: "Stop, where are we in a hurry?" - and make a stop. This proves that both calmness and silence lead us to happiness in the soul. Throughout life there is still another feeling that plays an important and significant part. There are people who cannot imagine their lives without it. After all, it is what gives warmth to billions of hearts. Through this feeling many people become happier. Of course, this is love. But there is also the other half of people still have a piece of emptiness in their souls. And although they say a hundred times that they are happy, but we do not believe them. We are not like them. We all strive for freedom. We want to become free, like birds. Let go of everything and fly away from everything, from all the problems and difficulties of life. Don't think about anything. Nurdaulet thinks about it and made his conclusion: together with freedom we find solitude. We are all looking for someone, so that at least someone will be next to us. We need each other, but we don't really suspect it. He hopes that other people will agree with him. It's so nice when we are loved and in love ourselves.

I also liked my student Yerdaulet's essay. According to his opinion, life gives us along with happiness, sadness, pain, and other feelings for a reason. Thanks to them we value that very happiness, and joy. Therefore, he thinks we should not be so upset. After all, everything is going for the better. When we understand that all the bad things are behind us, and everything is working out, we will brush away the tears that have come and will move forward. Forward with the hope of happiness. It doesn't matter if we are alone at this moment or with the support of others, faith makes us happier and gives strength to the future. He also believes that being financially secure is also happiness. If we boldly go towards our goals with our persistence and hard work, we will be at the top. We will earn respect and good reputation from the community. We will be happy if we make our dreams come true. Happiness can be felt when we dream about our desires. If we close our eyes and imagine all this, our soul becomes so pleasant. Good memories are also part of something joyful. Only we should think about our past and a smile will appear on or face. Happiness can also be felt through giving presents, giving nice compliments to each other, cooking food to someone who really needs it, and doing something special for someone. We should do good things, and it will definitely come back to us! We should give a positive mood and warmth to others, because people need it! Can we make our world much better with kindness? These things will make us happier. Let's light the way for those who are lost and have lost the desire for their dreams and striving for the best.

In conclusion, I can say as a teacher that I fully support our students' opinion about "happiness" and the university project "Brighten the Corner where you are!". For several years, this project has been very popular among the students and teachers of our university. We want as many students of our university as possible learn about this project, and many of them to be attracted to this movement. We really try to give warmth and positivity to everyone. And we want this idea to be supported by our students and other people too. Dear readers, you might be thinking that this is unrealistic, but we believe that this is how we can change the world for the better. Every inhabitant of our planet has only to light a small corner around him, and thanks to the universal effort, our world will be transformed for the better. It will be brightened by the sunlight, there will be more kindness, sincerity, laughter, and smiles in it. Happiness is when we are together!

**G.A. MUSANOVA,**
*Foreign Language department*

# IT'S MY UNIVERSITY!

**The Fall 2020 semester is currently challenging both university professors and students all over the world. Depending on students' learning styles, they might like or dislike studying remotely. The students of the Al-Farabi Kazakh National University decided to share their experience and feelings about being a student at our university during these uneasy times.**

Students spend a significant amount of time at the university learning, conversing, and discussing on different platforms. Most of these activities are done virtually, on screens - zooming, bigbluebuttoning, teaming, etc., having personal consultations, submitting their assignments - moodleing and univering, but still socializing, although virtually.

During the classes on "Speaking and Writing Practice (Foreign Western)" and "Foreign Language (Professional)" for undergraduates and graduate students respectively, our students puzzled over "Why did you choose Al-Farabi Kazakh National University?". The most common reasons why the students of the Oriental Studies Faculty decided to choose KazNU are the following (provided in a decreasing order correlated with the frequency of the given answers):

student mobility, a real opportunity to learn at the top worldwide university, i.e. partner of KazNU (e.g., Janerke Kulakhmetova, Kamila Sambusinova, Nuraiym Serikbekova; Ainur Bolatova); the university image as a leading university in Kazakhstan (e.g., Altynay Razbek, Maiya Kalmen, Diana Maksutova); better learning and qualified professors and lecturers with modern teaching methodology (e.g., Madina Kairatkyzy, Aisulu Myrzakmet); making friends (e.g., Alina Kaldybekova); and many opportunities to self-development as a personality (e.g., Aishat Akilbek).

Another big part of their educational experience here at KazNU seems to be the family education tradition. "It is important for me personally to study at the same university where my mother and grandmother studied," - Galiya Nurkenova tells us, "she [grandmother] was always proud" of being a student of Mukhtar Auezov who delivered lectures on Kazakh Literature in our university. "The realization that the third generation of our family traditionally studies in KazNU has a special meaning for me," - Galiya concludes.

Some master's students are glad that KazNU provided them with such a great variety of opportunities related to their majors. "I work at the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov," Rakhat Bekmurat says. "I had won a scholarship to Japan due to my KazNU [...] I had a chance to find yourself [=myself] thanking to KazNU and Osaka universities," happily admits Khanymay Kuatova. "I had the opportunity to complete a one year internship [...] in China," Zukhra Iskakova glad to say.

The Oriental Studies Faculty students appreciate that "oriental languages are taught by native speakers" (Arai Aituar) and they can learn more about "culture and history of the language" (Zhanna Hamarova), as well as "learn from international teachers [...] and achieve our goals (Baubek Syzdyk). A lot of the students recognized that KazNU professors are "very wise and professional in their field" (Azat Manggytay).

Nuraiym Sovetova narrates that "the most memorable festival [...] "We are One" gave her the opportunity for volunteering and celebrating Korean "Chuseok". "All of this would not have happened if not for our beloved university," she says. "I was a head of Sunqar in my faculty, which helps me grow up," Khanymay Kuatova ascertains. Adilzhan Avaliyev was impressed by the TURKSOY department library that "keeps one of the unique medieval historical artifacts and manuscripts written in the Chagatai language."

At the same time, with all these great experiences there are a few challenges that some students have encountered, especially during this pandemic. Many students complain about poor connection and malfunctions of the "Univer" and "Moodle", and professors call for patience and trying again. It works out, and we are moving ahead. Students are talking about bureaucracy: "[...] doing documentations is so awful. It is not fault of our university, as far as I know, it is our system. However, I think we should change our system," Khanymay Kuatova thinks. "Secondly, number of items is very few, adding other appropriate subjects to syllabus [=curriculum] will be more efficient," she suggests. "When I had problems with documents, or when you needed to take a book, you had to go to the main building, it took our time," Arai Aituar supports.

There is no doubt that the university helps its students shape their careers for the better. Students say that they are proud to be a part of KazNU because the university provides them with a lot of opportunities on taking initiatives and helps to transfigure them into real leaders. The fact that they do have a voice to criticize drawbacks proves that we are alive and developing in the right way.

These are the factors that help our students achieve their dreams and fulfill their plans. We are working and learning together. Millions of students worldwide are having online education with its advantages and disadvantages. Among them, we are KazNU, the university that provides our youth with plenty of life opportunities.

* Students' writings are given in their original spelling, grammar, and punctuation.

**Asel SHAYAHMET,**
*The Foreign Languages Department*

*Prepared by* ***A.A. MULDAGALIYEVA***

***KazNU is starting an investment project on creation of the Scientific and Technological Valley «Al-Farabi», which includes IT, innovative and biomedical clusters***

**Шәкіртті ұстаз тәрбиелейді. Қайсы бір ұстазды алсаңыз да өзінің артынан ерген шәкірттерін ғылымға, білімге баулиды, оған адамгершілік пен рухани тәрбие беріп, тікелей оның қалыптасуына жол салады. Шәкіртіне тәрбие мен білім беруді ұштастыра білген ұстаздық жол – қиыншылығы мен қуанышы мол мамандық атаулының ұлысы болып саналады. Сондықтан ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Міне, сондай тұлғалардың бірі Дина Исабайқызы Дулатова.**



# Ұлағатты ұстаз

Профессор Дина Исабайқызы Дулатованың туғанына 90 жыл толуына орай Тарих, археология және этнология факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен 29.01.2021 жылы «Отандық тарих ғылымының өзекті мәселелері» деген тақырыпта онлайн форматында республикалық ғылыми тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға республиканың көптеген көрнекті ғалымдары, шәкірттері және ет жақын бауырлары, қызы және немерелері қатысты.

Конференцияның ашылу кіріспесінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, академик Ғ.М. Мұтановтың арнайы құттықтауымен факультет деканы М.С. Ноғайбаева таныстырды. Ректордың құттықтау сөзінде Дина Исабайқызы Дулатованың өмірі мен қызметіне және университет баспасынан 2016 жылы «Өнегелі Өмір» сериясымен «Дина Исабайқызы Дулатова» кітабы жарық көргендігі, сонымен қатар ұлағатты ұстаз атында аудитория бар екендігіне тоқталып өтті.

Конференция барысында Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Б.Б. Кәрібаев «Д.И. Дулатованың өмірі мен ғылыми шығармашылығы» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамада Дина Исабайқызы Дулатова – Мәскеудегі М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің тарих факультетінде 1949-1954 жылдар аралығында оқып, білім алады. Ол өткен ғасырдың ортасында, яғни соғыстан кейінгі кезең Кеңес үкіметінің кемеліне келіп, коммунистік партия басшылығымен көп ұлтты КСРО-ның халықтары халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамыту жолындағы жылдар еді. Университетті бітіргеннен кейін 1954-1957 жылдары еңбек жолын мектепте қарапайым тарих пәні мұғалімі болып бастады. 1958 жылы Дина Исабаевна С.М. Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы) Қазақ мемлекеттік университеті тарих факультетіне аспирантураға түсіп, ғылыми шығармашылықпен айналысты. Дина Исабайқызының қызмет жолына тоқталып, оның жетекшілігімен екі тарих ғылымдарының доктора және он бес тарих ғылымдарының кандидатын дайындап артынан шәкірт ерте білгендігіне тоқталып өтті.

Келесі баяндаманы М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университеті Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д. Тұяқбай Зейтұлы Рысбеков жасады. Дина Исабайқызының бірінші аспиранты болған Тұяқбай Зейтұлы Рысбеков жасаған баяндамасында өзінің ұстазының шәкірт тәрбиелеудегі ерекше қасиеті мен қажырлы еңбегінен мәліметтер берді. Ақыл парасаты мен алғашында қаталдау көрінгенімен жүрегі жұмсақ, тамаша ұстазының ерекше қасиеттеріне тоқталып өтті. Оның тұңғыш аспиранты ретінде ұстазының білімділігі, көрегендігі, ерекше ұйымдастырушылық қабілетіне, яғни тұлғалық ерекшелігін айтты. Сүйікті ұстазын еске ала отырып, өзінің ғалым ретінде қалыптасуына бірден-бір себепкер болған Дина Исабайқызының еңбегі екендігіне тоқталып өтті.

*Дина Исабайқызының есімі республиканың кәсіби тарихшыларының арасында, ең алдымен, Қазақстанның революцияға дейінгі тарихының тарихнамалық мұраларын жүйелеудегі ғылыми еңбегінің көлемі мол, мазмұны өзекті. Оның ғылыми мұрасы, қазақ тарихын оқытудағы маңызы ерекше. Дарынды ғалым өмірінің соңғы айларына дейін ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры қызметін атқарып, студенттерге дәріс жүргізді. Ұлағатты ұстаз, талапшыл, мейірімді мінезімен, жан-жылуын, бар білімін шәкірттерінің бойына сіңіріп, оларды ғылым жолына баулып, артынан ерте білді.*

Келесі баяндаманы Абай атындағы ҚазҰПУ «Айтылған тарих» ғылыми зерттеу орталығының директоры, профессор, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі М.Қ. Қойгелдиев жасады. Баяндамасында Дина Исабайқызы Дулатовадан кейінгі буын ретінде ұлағатты ұстаздың өнегелі өмір жолына тоқталып, ғалымның ғылыми шығармашылығы туралы түшымды мәліметтер берді. Келесі баяндаманы ҚР ҰҒА құрметті академигі, Орталық Азия дәстүрлі өркениеттерін зерделеу республикалық ғылыми зерттеу орталығының директоры, т.ғ.д., профессор Т.О. Омарбеков «Профессор Д.И. Дулатова және бүгінгі тарихшы мамандар даярлаудың ерекшеліктері» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндама барысында Дина Исабайқызының ғылыми шығармашылығы туралы мәлімет береді. Белгілі тарихшы, ғалым Е.Е. Бекмахановтың ғылыми жетекшілігімен 1963 жылы Дина Исабаевна «Шоқан Уәлихановтың тарихи көзқарастары» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. 1984 жылы «Революцияға дейінгі Қазақстанның тарихнамасы (1861-1917 жж.)» атты монографиясы жарыққа шығады. Бұл монографияға республика көлемінде ғана емес, одақ көлемінде де жоғары баға беріледі. 1986 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мескеу мемлекеттік университетінің тарих факультеті жанындағы Ғылыми кеңесінде «XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы Кеңестік тарихнамасында» тақырыбында тарих ғылымдарының доктары ғылыми атағын алу үшін докторлық диссертациясын табысты қорғағандығы туралы айтты. Конференция барысында ҚазҰАУ «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі, т.ғ.д., профессор Х.М. Әбжанов, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, т.ғ.д., профессор З.Е. Қабылдинов, т.ғ.д., профессорлар М.Ж. Абдиров, А.Б. Қалыш, Г.С. Сұлтанғалиева, А.А. Ақышев, Г.Б. Избасарова және т.б. баяндамалар жасады.

Оның ғылыми шығармашылық еңбек жолында 100-ден астам ғылыми мақалалары, оқулық, оқу-әдістемелік құралдары бар. Дина Исабаевна 1972-1977 жылдары университеттің тарих факультетінің деканы қызметін атқарады. Факультет басшысы қызметінде ол өзін тек ғылыми шығармашылық ерекшелігімен ғана емес, жақсы ұйымдастырушы қабілетімен де көзге түседі. Ол дарынды ғалым-тарихшы ғана емес, сонымен қатар факультеттің оқу ісі және тәрбие жұмысын жолға қоя білді. 1984 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталды.1988 жылы Қазақ ССР тарихы кафедрасының меңгерушісі. 1993 жылы Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Ұстаздық ұлағатымен, туа бітті табиғат талантымен талай жасты ғылым жолына тәрбиеледі. Меніңше ұстаз – кірпіштің қалыбы, шәкірт – сол қалыптан шыққан кірпіш болса керек. «Қалыбына қарай кірпіші» – деген сөз осыған орай айтылғандай, сондықтан ұстаз бен шәкірт – егіз ұғым. Ұстаз талапшыл болса, шәкірт ұғымды болады. Міне сондай талап қоюы мен шәкірттеріне берген білімінің арқасында артынан көптеген шәкірттерді ерте білді. Сондай шәкірттері бүгінде ұстазының жолын қуып республиканың көптеген жоғары оқу орындарында лауазымды қызметтер атқаруда.

Дина Исабайқызының есімі республиканың кәсіби тарихшыларының арасында, ең алдымен, Қазақстанның революцияға дейінгі тарихының тарихнамалық мұраларын жүйелеудегі ғылыми еңбегінің көлемі мол, мазмұны өзекті. Оның ғылыми мұрасы, қазақ тарихын оқытудағы маңызы ерекше. Дарынды ғалым өмірінің соңғы айларына дейін ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры қызметін атқарып, студенттерге дәріс жүргізді. Ұлағатты ұстаз, талапшыл, мейірімді мінезімен, жан-жылуын, бар білімін шәкірттерінің бойына сіңіріп, оларды ғылым жолына баулып, артынан ерте білді.

Профессор Дина Исабайқызы Дулатованың туғанына 90 жыл толуына орай ұйымдастырылған конференцияға Қазақстанның барлық облыстарынан шәкірттері және қызы Шолпан Нариманқызы Дулатованың атынан Д.И. Дулатова атынан дайындаған шәкіртақыны осы факультеттің 4 курс ғылыми тарих мамандығының үздік студенттері, республикалық және халықаралық олимпиада жеңімпаздары Рамазан Әбілдос және Таңшолпан Қалқабаеваға берілді.

Шәкірттеріне білім мен тәрбие берген ұстаз – баға жетпес биік тұлға. Барлық ғұмырын ғылым мен білімге арнаған ғалым Дина Исабайқызының жүріп өткен жолы болашақ ұрпаққа үлгі.

**Г.Б. ҚОЗҒАМБАЕВА,**
*Қазақстан тарихы кафедрасының доценті*

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы ЮНИСЕФ-тің қолдауымен «Әлеуметтік қызметкерлер мен мамандарды дипломға дейінгі және дипломнан кейінгі даярлау мен қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламаларын жетілдіру» халықаралық жобасын іске асыруда

# ЖЫЛ БАСТАУЫНАН ШЫҢЫНА ДЕЙІНГІ ҚОЗҒАЛЫС

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ елінің білім мен ғылымы қатар тоғысқан, бір қазанға сан алуан түрлі мамандықтарды қоса қайнатқан ірі білім беру ордасы. Солардың бірі шығыс елдерінің тілі мен дәстүрі, мәдениеті мен діні, өткені мен бүгінін оқытатын шығыстану саласы.**

Біз бұл жерде аталған білім ордасындағы шығыстану саласының тарихын айтпақ емеспіз. Өйткені ол ұзын-сонар әңгіме. Біз бұл саланың өткен жылдарын да тілге тиек етуді ниет етіп отырған жоқпыз. Себебі оның жемісі ел шекарасынан асып, әлемдік сахнаға шыққан мәуелі ағаш. Тіпті университетіміздің өткен жылдың басынан бастау алған таудай табыстарын да сөз етпек емеспіз. Елімізде білім мен ғылымды құрмет тұтып, сол саланың тұлғаларын дәріптей отыра, әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойлары халықаралық деңгейде атап өтілді. Әрине, әл-Фараби бабамыз тек қазақ халқы немесе араб әлемі өркениетінің дамуына үлес қосып қана қойған жоқ, ол адамзат баласының тарихы үшін таңғажайып қайталанбас туындылар тарту етті.

Біз бұл жерде осы жылдың соңғы нүктелері іспеттес, атқарылған шаруалардың нәтижелерін айтуды мұрат тұта отырып, қазақтың ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлының тұлғасы, жан-дүниесі, ой өрісі, тұңғиық сезім дүниесінің іріммдері сөз етілді. Сонда тек өзіміз ғана емес, бөлкім өзге елдердің Абай сүйер зиялыларымен пікір алмасайық деп ой түйдік. Ойлана келе халықаралық деңгейде онлайн конференция өткізуді ұйғардық. Мұндай шараның ұйымдастыру тізгіні университетіміздің «Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығына тиесілі болды да, жүзеге асыру міндетін Шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы өз мойнына алды. Онлайн конференция Абайға арналғандықтан, «Абай және түркі-парсы шайырлары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция деп аталды. Тақырыптың осылай аталуына екі себеп негіз болды: біріншісі, университетіміздің «Тұран-Иран ғылыми-зерттеу орталығында» дайындалып, «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген «Абай Құнанбайұлының шығармасындағы түркі-парсы ақындары» атты еңбек пен Иран Ислам Республикасының Мәдени кеңесінің қолдауымен парсы тілінде жарық көрген «Қазақтың тарихы мен әдебиеті» деп аталатын кітап негіз болса, екінші, Абай дүниетанымы Мұхтар Әуезов және Мекемтас Мырзахметұлы аманат етіп айтқандай, «Абайды тану үшін шығыстың ойшылдары мен шығармаларын тану керек» деген тірек сөзге тоқталдық. Бұл конференцияға Қазақстан, Иран Ислам республикасы, Өзбекстан және Пәкістаннан мемлекет, мәдениет пен білім, қоғам қайраткерлері қатысты. Төрт сағатқа созылған конференцияда еркін сөйлей алған баяндамашылар дерек пен дәйекке сүйенген аса құнды әңгімелер өрбітті.

Конференцияда баяндамашылар ретінде Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану Институты директорының кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА-ның академигі Әбсаттар қажы Дербісәлі «Абай шығармасындағы мұсылман шығыстың ақындары» атты баяндамасымен конференцияны ашып берді.

Конференцияда ұлағатты сөз айтып өз ойын білдірген Әбсаттар қажы Дербісәлі: «Қазақ мәдениеті мен ғылымы исламның қайнар көзімен ұштасып жатыр. Оған Отырар қаласынан шыққан ондаған әл-Фараби атымен танылған ғалымдар дәлел бола алады. Әл-Фараби мен Абай шығыс бұлағынан сусындаған әлемдік кеңістікте аталатын айтулы ойшыл тұлғалар», – деді. Осы орайда Ислам Жеменей бауырымызыдың жақадан шыққан «Абай Құнанбайұлының шығармасындағы түркі-парсы ақындары» атты еңбегі Абайдың шығысты тануда атап айтатындай айрықша шығарма екенін айта аламын. Әрі Исламның бұл бағытта әлі берері мол деп есептеймін, келесі табысты еңбектер жазуына тілектеспін» деп қорытты баяндамасын.

Конференция барысында кезекпен ой өрбіткен Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Мәжит Самадзаде Сабер «Абай және парсы ақындары» атты баяндамасымен көпшілік қауымды баурап алса, Иран Ислам Республикасының Алматыдағы Бас консулы Мохсен Фағани мырза «Абайдың



парсы классикалық әдебиетімен ой үндестігі» атты баяндамасымен толықтырып өтті.

Жақын шетелден қатысқан баяндамашылар қатарында Ташкент мемлекеттік Өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Өзбек әдебиеті тарихы және фольклор кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұрбай Жаббаров «Абай шығармашылығындағы ұлттық өзін-өзі құрметтеудің көркем интерпретациясы» атты баяндамасымен жалғастырды.

Отандас ғалымдар арасынан баяндама жасаған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Абай» ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақұлы «Абай және шығыс әдебиеті» баяндамасымен қатысса, Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті «Әбу Ханифа» орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Шәмшәдин Кәрім «Абай және Шығыс шайырлары» атты баяндамасымен атсалысты.

Бұлардан бөлек отандық және алыс-жақын шетелден қатысқан ғалымдар өз баяндамаларында Абайдың Шығыс әдебиетінен сусындаған рухани тұстарын атап өтіп, ақындар арасындағы сабақтастықты сөз етті.

Конференцияның нәтижелі өтуіне айтарлықтай атсалысқан ғалымдар конференцияны ұйымдастырған барша жандарға алғыс айта отырып, дос және бауырлас екі көрші Иран мен Қазақстан басшылықтарының саяси ұстанымының арқасында азаматтарының жүрек лүпілімен барлық салаларда байланыстары дамып, өркендеп келе жатқанын, бұл байланыстар әсіресе ғылым мен мәдениет бағытында басымдау болып келе жатқанын тілге тиек етті.

Осы орайда айтарымыз, аталған конференцияның баяндамаларын келесі жылы толық күйде екі тілде шығару ұйғарылды. Сол себептен бұл мақала алғашқы хабаршы қарлығаш іспеттес, Абай жайын сөз ететін құнды баяндамалардың түйіні деп ұсынылып отыр.

«Абай және түркі-парсы шайырлары» атты халықаралық ғылыми конференция бірнеше елдің ғалымдарының басын қосып, ел арасындағы ғылыми-мәдени және әдеби қарым-қатынастардың нығая түсуіне ұйытқы бола білді деп ойлаймыз.

**Ислам ЖЕМЕНЕЙ,**
**Пірімбек СҮЛЕЙМЕНОВ,**
*Шығыстану факультеті*

# *Ұлттық өнерімізді насихаттайық*

**Бүгінгі таңда білім берудің негізгі мақсаты – білім алушының тек қана білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматын қалыптастыру. Бұл дегеніміз – ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан ұлттық өнерімізді насихаттау.**

Ұлттық өнер – халқымыздың қолданбалы өнерінің ең биік жетістіктерінің бірі. Бүгінгі күнге дейін күнделікті тіршілігімізде қолданылып келген түрлі ою-өрнектер, сәндік, әшекейлік бұйымдар – талай ұрпақтың ақыл-ойы мен шеберлігінің жемісі. Алайда озық технологиямыз дамыған мына заманда қазір көпшілік, әсіресе, жастарымыз оған аса назар аударып жатқан жоқ. Жастарымыз интернеттің шырмауына түсіп, көп уақыттарын болмашы нәрселерге жұмсап жатады. Бұрынғы кезде тәрбие балаға ата-анасының үйреткен өнерімен берілетін. Ал бүгінде сол ата-анасының өздері балаларына жарты сағат уақытын әрең бөліп жүргенде, бұл өнерді кім насихаттамақ? Сондықтан да жоғары оқу орындарының қабырғаларында ұлттық мәдениетімізді, өнерімізді насихаттайтын қосымша қолөнер үйірмелері көптеп ұйымдастырылса, бұл студент жастарымыздың білім ала жүріп, бос уақытын тиімді пайдалануына да өз көмегін тигізер еді деп ойлаймыз. Ұмытылып бара жатқан қолданбалы ұлттық өнерімізді қайтадан игере бастасақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті https://www.kaznu.kz/ жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында құрылған «Жас шебер» қолөнер үйірмесінің басты мақсаты да осы. Ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан ұлттық өнерімізді ұмытпай, келесі ұрпаққа аманат етіп жеткізу, ұлттық мәдениетте өзіндік орнын көрсету және де мүмкіндігінше қазақ сәндік қолөнерінің өзіне ғана тән құндылықтарын, халықтың мінез-құлқын көрсете білу.

Үйірме бағыты бойынша жұмыс жасай отырып, тыңдаушылар бос уақыттарын үнемді пайдалануға, адамдардың тұрмыстық сұранысын қамтамасыз ететін қолөнер бұйымдарын даярлаудың ең тиімді әдістерін меңгеруге дағдыланады. Білім алушылардың жасаған ең үздік бұйымдары университеттің мұражайларына қойылады.

Сонымен қорытар болсақ, бүгінде еліміздің білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы жағдайында ұрпақ тәрбиесінің негізіне – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған, уақыт сынынан өтіп, сараланған ұлттық тәлім-тәрбиесінің, ұлттық қолөнерінің бай қазынасы, мол тәжірибесі алынып отыр. Өйткені, жастардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп дүниеге дұрыс көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық. Сондықтан басқа да оқу орындарында ұлттық өнерімізді насихаттайтын осындай үйірмелер көптеп жұмыс жасаса екен деген ниеттеміз.

**М. ИБРАГИМОВА,**
**Г. МУЖИГОВА,**
*Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары*

**На факультете информационных технологий прошел традиционный ежегодный семинар «Школа молодого преподавателя»**

# БІЛІКТІ ЕЛ ҚОРҒАНДАРЫН ДАЙЫНДАЙТЫН УНИВЕРСИТЕТ

**1991 жылы еліміз егемендігін алып, шекарасын айқындады. Осы тұста ҚР Қарулы Күштері құрылды. Бұл – Қазақстанның болашаққа жасаған айқын қадамдарының бастауы. Елінің тыныштығын күзететін мамандар дайындауда әскери институттар, академиялар және әскери бөлімдермен қатар әскери кафедралардың да маңызы жоғары. Солардың ішінде, Қазақ ұлттық университетінің әскери кафедрасының тарихы терең, алар орны ерекше.**


Фотосурет газет мұрағатынан

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әскери кафедрасы Кеңес Одағы кезінде 1934 жылы резервтегі әскери сауатты мамандарды дайындау мақсатында құрылған болатын. Ұлы Отан соғысы жылдарында аты аңызға айналған 316-атқыштар дивизиясының генералы И. Панфиловтың ұсынысымен бұл әскери оқу орнында ерекше салалардағы мамандар дайындалды. Сол кезеңде осы оқу орнынан білім алып, Ұлы Отан соғысындағы қызыл әскердің санын толықтырған жауынгерлердің ұлы жеңіске қосқан үлесі зор.

Бүл күнде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әскери кафедрасы бірнеше салалар бойынша мамандарды дайындайды. Кафедраның әр оқытушылары болашақ Отан қорғаушылардың білімі мен біліктілігін арттыру, отансүйгіштікке баулу мақсатына аса көңіл бөледі. Жоғары тәжірибелі мамандар зор ықыласпен студенттерге ұстаздық етеді. Оқу барысында заманауи техника үрдістері, оқытушы-үйретуші бағдарламалар, телевидео кешендері пайдаланылады. Қазірде кафедра офицерлерінің авторлық коллективі құрастырған 100-ге жуық оқу-әдістемелік құралдар, анықтама кітапшалары оқу процестеріне пайдаланылады. Бұл оқулықтар болашақ запастағы офицерлер дайындауда үлкен маңызға ие.

Бүгінгі студент – ертеңгі ел тірегі болатын азаматтардың әскери білімді игеруі Қазақстанның бейіт болашағын қамтамасыз етеді.

Ел аузындағы жыр-әңгімелерде, әдеби шығармаларда Отан үшін жанын қиюға дайын батыр ұлдардың ерлігін аса қызығушылықпен оқығандықтан болар, «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» деген мақалын кішкентайымнан жадыма тоқып өстім. Жау шапқанда қаруын асына ұмтылған жауынгердің, батырлардың есімі маған талай тарихты баяндайтын. Арғы басы Алпамыстан басталып, жоңғар шапқыншылығы кезіндегі Бөгенбай, Қабанбай батырлар, бергісі Кенесары батыр, кешегі ер Бауыржан ерліктері Отан қорғаудың ескерткішіндей көрінеді. XXI ғасырға табан тіреген уақытта елдің тыныштығын күзету үшін көзсіз батырлықтан басқа білім мен тәжірибенің маңызы ерекше. Осы ретте университет қабырғасына келгеннен бастап, оқудан бөлек әскери білімді де қатар меңгеруді алдыма мақсат етіп қойдым. Осы ойым маған өзіндік ерекше әлемге есік ашты, әскери кафедраға түсуіме себеп болды.

Кафедраға алғаш түскен күннен бастап, өзімді болашақ офицерге лайық ұстауға тырыса бастадым. Кешегі балалық еркеліктің артта қалғанына көзім анық жетті. Бұл ретте біздерге, яғни студенттерге, ұстаздық ететін офицер мырзалардың ықпалы зор. Сапта тұрып еліміздің әнұранын орындаған сәтте көкіректі ерекше сезім билеп, көз алдыма қазақтың кең даласы мен көк аспаны еріксіз елестейді. Осы сәттерде батыр Бауыржанның «Отан үшін отқа түс күймейсің» деген сөзінің астарын түсінемін. Рас, біздер, болашақ ел тірегі болар жастар, дабыл үні естілгенде ата-анамыздың амандығы үшін, іні-бауырларымыздың болашағы үшін, әпке-қарындастарымыздың күлкісі мен кейінгі ұрпақтың бақыты үшін кез келген жаумен жан берісіп, жан алысуға дайынбыз. Мейлі жау мықты болсын, мейлі көп болсын, біз олардан қорықпаймыз. Себебі, Отан қорғау – әр азаматтың асыл парызы, сөзсіз міндеті.

Әскери тәртіп – өмір мектебі. Бұған еш күмән жоқ. Білгенін, көргенін, меңгергенін студенттерге үйретуден жалықпайтын оқытушы офицерлерге алғысым шексіз. Еліміздің Жоғарғы бас қолбасшысынан бастап, әскери генералдары, әскери кафедра офицерлерінің біздерге артып отырған үміттерін ақтайтынымызға сенімдімін.

**Алмабек ИБРАЙЫМОВ,**
*Журналистика факультетінің 4-курс студенті*

# ЖАЗУШЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультеті «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубы мен қазақ әдебиеті теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен «100 кітап» жобасы аясында белгілі жазушы Жүсіпбек Қорғасбекпен университетаралық оқырмандар конференциясы өтті.**



Жүсіпбек Қорғасбек – «Тарлан-Үміт» сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері. Қаламгердің көркемдік ізденіске бай, тағылымы терең шығармашылығыментаныс студенттердің кездесу өткізуге, көкейлерінде жүрген сауалдарға түщымды жауап тындауға асыққаны, көркемдік әлемінің құпия-қалтарыстары жөнінде сыр-сұқбат құруға ықылас танытуы да құптарлық жайт болды. Университетаралық оқырмандар конференциясының ұйымдастырушылары өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, тізгінді де өз қолдарына алды. «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубының төрағасы, 3 курс студенті Нұркен Құмарбектің қаламгер мен оқырмандар арасындағы дәнекерлікті әдемі өрбітіп, онлайн форматтағы жүздесудің тиімділігі мен қиындығын да қоса сезінгені анық. Конференцияға қонақ ретінде Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясының және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенттері қатысты. Конференцияның басты мақсаты – шығармашылық өнердің айналасында жүрген жастардың сөз өнерінің құдіретін таныту, студенттерді жазушы шығармашылығын сөз ете отырып, әдебиет әлемінің өзіне тән көркемдік құпиясын қаламгер туындылары негізінде талдау, таразылау. Кездесу барысында Жүсіпбек Қорғасбектің «Қасқыр-адам» повесін талдап, оқырмандар өз ойымен бөлісті. Тағдыр деген адам түсініп болмайтын бір жұмбақ сырды өз шығармасына арқау еткен қаламгердің негізгі идеясы мен ойын оқып отырған оқырман бірден аңғарары анық. Тілге жеңіл, мазмұны шытырман оқиғаларға толы шығарманы оқымаған адам кемде-кем шығар, бәлкім... «Қасқыр-адам» повесінің желісімен «Талан» фильмі жарық көрді. Белгілі режиссер Болат Қалымбеттің жетекшілігімен қазақ киноөндірісі тағы бір туындымен толықты десек болады. Шығарма ашаршылық жылдарынан бастау алып, екінші дүниежүзілік соғыспен жалғасқан қоғамның көрінісін, бастан кешкен қиыншылықтарын бейнелейді. Өткен ғасырда халқымыздың басынан небір нәубеттің өткені аян. Қаншама қандасымыз шекара асты, қаншамасы арыға өте алмай, бергі жағында ажал құшқандығы фильмде шынайы көрсетілген деп ойлаймыз. Шығарма мен фильмнің арасындағы өзгерістерді көзі қарақты көрермен мен оқып отырған оқырман бірден аңғарары сөзсіз. Кездесу барысында қаламгердің шығармашылығына байланысты көптеген сауатты сұрақтардың қойылуы – оқырмандардың қызығушылығының дәлелі десем, артық айтпаған болар едік. «Ақсақ қасқыр образының рөлі қандай?», «Фильмде кейіпкерлердің есімі неге өзгертілген?», «Талан деген қандай мағына береді?» деген көкейкесті сұрақтар қойылды. Расымен-ақ, «Қасқыр-адам» повесінің атауы фильмде «Талан» деп өзгертілген. «Талан» тілімізде тағдыр деген мағынаны береді. Қаламгер «Режиссермен бірге фильмнің атын ары ойладық, бері ойладық. Тағдырдың терең тамырын іздедік. Соңынан осы атауға тоқтадық», – деп өз ойын оқырмандарға түсіндірді.

Студенттер шығарманың негізгі идеясы мен көркемдік ізденістерді, авторлық идея мен көркемдік құралдардың шебер қолданғанын жарыса талқылады. Кездесу әрбір студенттің ой-өрісін кеңейтіп, ізденіске деген құлшынысын арттырғаны сөзсіз. Жиынға қатысушы қонақтар бір-бірімен жарыса сұрақ қойып, қызығушылық танытып отырғаны да көңілге қуаныш ұялатты. Жүсіпбек Қорғасбек оқырмандар тарапынан қойылған сұрақтарын тыңдап, тыңғылықты жауап беріп отырды. Қаламгермен кездесу әр студенттің, оқырманның жүрегінен орын алғаны да ақиқат. Танымдық мәні, тәрбиелік салмағы бар кездесудің әрбір жаңға шабыт, ой салғандығы да сөзсіз. Жүздесу соңында «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубының жетекшісі Ләйла Мұсалы Жүсіпбек Қорғасбекке шығармашылық табыс, отбасына амандық, дені саулық тілеп, ұйымдастырушылар тарапынан алғыс білдірді.

**Шоқан ШОРТАНБАЕВ,**
*аға куратор-ұйымдастырушы*

**Асел ПСИБАЕВА,**
*3-курс студенті*

**Университеттің халықаралық құқық кафедрасының «Халықаралық құқық» мамандығының 4 курс студенттері Саят Тасан, Ақмарал Абдуллина және Диляра Нигметова ҚР Президентінің стипендиясына ие болды**

**Научный руководитель – это наставник и друг, пример для подражания и человек, который прокладывает для молодого ученого путь в большую науку. Именно таким научным руководителем был Фазылхан Баимбетович Баимбетов – видный учёный-физик. В 2021 году исполняется 10 лет, как его не стало. Но на физико-техническом факультете работают коллеги и ученики Ф.Б. Баимбетова, школа «Физики плазмы», которую он создал.**

# НАСТАВНИК И ДРУГ

Фазылхан Баимбетович Баимбетов долгие годы проработал на физическом факультете КазГУ им. С.М. Кирова (ныне КазНУ им. аль-Фараби), был куратором студенческой группы, в которой я училась. В 1984 г. на кафедре общей физики открылась специализация по физике плазмы.

Профессор Ф.Б. Баимбетов был одним из первых в Казахстане специалистов в этой области физики. Он возглавлял научное подразделение (группу), в которое входили Н.Б. Шалтыков, Ю.В. Архипов, Т.С. Рамазанов, Ю.М. Аласкеров и др. В группе регулярно проводились научные семинары, где выступали сотрудники, преподаватели, студенты, аспиранты, ученые зарубежных стран. Очень жаль, что эта группа, в которую входили как экспериментаторы, так и теоретики, распалась в 90-е годы. Тогда отсутствовал спрос на чисто научную проблематику. «Выжили», остались на кафедре те люди, которые занимались как учебной работой, так и наукой, преимущественно теоретики. Государство финансировало тогда в основном преподавательскую деятельность. Наука практически не оплачивалась.

Фазылхан Баимбетович был таким руководителем и человеком, который, несмотря на трудности тех лет, продолжал работать и добился больших успехов и в карьере (возглавлял кафедру оптики и физики плазмы, физический факультет), и в творческой деятельности, помог очень многим молодым людям в профессиональном становлении. Под его руководством 19 человек защитили кандидатские, 4 человека – докторские диссертации, множество студентов и магистрантов – дипломные проекты и магистерские диссертации. Его жизнь – пример для молодого поколения, как следует строить свою жизнь, ответственно относиться к работе и к жизни. Как-то он напомнил мне слова Н. Островского из книги «Как закалялась сталь» о том, что жизнь даётся человеку один раз «и прожить её надо так, чтобы не было мучительно больно за бесцельно прожитые годы …»

Профессор Ф.Б. Баимбетов – автор свыше 200 научных трудов, лауреат премии «Тарлан» 2001 г. за вклад в науку. И ныне его научные работы имеют высокую цитируемость. На должности проректора по науке КазНУ он внес весомый вклад в развитие университетской науки.

Фазылхан Баимбетович был очень живым и общительным человеком, быстро находил общий язык с коллегами, со студентами. Он ценил людей, прежде всего, по тому, как они трудятся. Возможно, потому что сам он много трудился, всегда тщательно готовился к своим лекциям.

Вместе со становлением Республики Казахстан возникают новые возможности развития. Думаю, те люди, которые когда-то ушли из науки, теперь были бы востребованы. В последние годы появились реальные перспективы заниматься наукой, творчеством. Научная школа академика Ф.Б. Баимбетова работает на физико-техническом факультете КазНУ, есть несколько направлений, в которых проводятся исследования как теоретического, так и прикладного значения. Научные труды специалистов факультета публикуются в высокорейтинговых научных журналах зарубежных стран, студенты, сотрудники и преподаватели имеют возможности участвовать в международных научных конференциях, полноценно трудиться на благо страны, поднимая престиж казахстанской науки.

**З. МАЖИТ,**
*докторант 2-го курса ФТФ*

# ДВА АРОМАТА В ОДНОМ ФЛАКОНЕ

**Кафедра издательского дела и дизайна КазНУ им. аль-Фараби в новых условиях преподавания активно внедряет интерактивные формы обучения. Впервые на платформе Zoom состоялся онлайн мастер-класс для будущих редакторов-издателей и дизайнеров.**



Провел мастер-класс известный публицист, журналист Бахтияр Тохтахунов, шеф-редактор республиканской «Юридической газеты». Встреча прошла в хорошем темпе, гость ответил на вопросы обучающихся.

Приведем их отзывы: «Талантливый специалист, с хорошим профессиональным подходом, очень понравилось отношение к начинающим редакторам и журналистам. Такое действительно сейчас редко встречается, почти везде сразу ставятся жесткие требования. А «ЮГ» готовы обучать, поддержать и направить в верное русло» (Марина Буравова).

«Целеустремленный, перспективный, требовательный. Понравились его подход к работе, соблюдение субординации. Встреча прошла на высоком уровне. Информация доступна для переваривания и для многих студентов мотивационная. Благодарю за организацию такого мастер-класса» (Галия Торемуратова).

«Гость произвел яркое впечатление открытостью и доброжелательностью. Узнала о реальной стороне рабочего процесса в редакции. Все вопросы были грамотно освещены. Хочу поблагодарить, что нашел время для встречи с нами, в плотном графике» (Даяна Дарбаева).

Напомним, что инициатором создания «Юридической газеты» с образованием суверенного Казахстана стал министр юстиции республики Нагашбай Шайкенов. Первый номер вышел 3 ноября 1994 года. С июля 2019 года главным шеф-редактором газеты является Бахтияр Тохтахунов, благодаря его команде преобразился внешний вид издания и контент, газету получают даже в отдаленных регионах. Сайт «ЮГ» также пользуется большой популярностью. Посредством онлайн-встреч наши студенты знакомятся с медийными персонами и учатся вести диалог на равных.

Мы решили поделиться примером из практики вузовского преподавания, которое в условиях пандемии, благодаря онлайн-занятиям с приглашением медийных профессионалов-практиков, приобретают формат дуального обучения. Мастер-класс прочно обосновался в наших силлабусах. Как бы «два аромата в одном флаконе» – теория и практика дополняют друг друга, чтобы действенно помочь обучающимся погрузиться в реалии многосложной редакционной работы. А вот запись мероприятия послужит в качестве учебного пособия, ее уже скопировали студенты. До новых встреч!

**Г.К. МУКАНОВА,**
**Л.И. МУХАМАДИЕВА,**
*кафедра издательского дела и дизайна*

**Экономика және бизнес Жоғары мектебінің Қаржы және есеп кафедрасы ұлағатты ұстаз Сария Баймухbuilt мерейлі 70 жасқа келуіне орай «Пандемия жағдайындағы бухгалтерлік есеп» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өткізді.**

# МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

Конференция жұмысына университетіміздің бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев, Жоғары мектеп деканы Р.К. Сагиева, кафедра меңгерушісі А.З. Нурмагамбетова және басқа кафедралардың өкілдері қолдау көрсетіп, алғашқылардың бірі болып тілекстестік білдірді.

Халықаралық деңгейде ұйымдастырылған конференцияға есеп және аудит саласында ерен еңбектерімен танымал болған өз еліміздің кәсіби қызмет өкілдерімен қатар, көптеген жоғары оқу орындарынан ғалымдар және Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен қонақтар қатысып, конференция тақырыбында өз ойларымен бөлісті.

Сария Баймухановна осы университетте кафедраның құрылуынан бастап бүгінгі күнге дейін талмай еңбек етіп келе жатқан майталман маман. Сария Баймухановнаның өмірінің негізі – сапалы білім беріп, саналы ұрпақты тәрбиелеу болған болса, бүгінгі мерейлі жасына үлкен жетістіктермен келіп отырған ұлағатты ұстаз десек қателеспейміз. Ұстаздық ғұмырында баптап бизнес бәйгесіне қосқан шәкірттерінің арасынан бүгінде жоғары лауазымды қызметкерлер, табысты кәсіпкерлер қаншалықты көп болса, Сария Баймухановнаның өнегесін үлгі етіп, өз жолын ұстаз ретінде жалғастырған тәлімгерлері де көптеп саналады. Студенттерге арналған еңбектері талай Отандық және шетелдік газеттер мен журналдарға мақала ретінде жарияланып, жеке оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулар ретінде басылып шығарылған. Сария Баймухановнаның жетекшілік етуімен көптеген диплом жұмыстары, магистрлік және докторлық диссертациялар табысты қорғалды. Әлемдік пандемия жағдайында да қашықтан оқыту әдістемесін меңгерген мамандар қатарынан табыла білді. Сария Баймухановнаның еңбегінің зейнеті де жоқ емес, талай марапат сыйлықтардың, дипломдар мен медальдардың иегері болып табылады.

Сария Баймухановнаны мерейлі туылған күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасына амандық тілейміз, әлі де талай асулардан асып, үлкен табыстарға жете беруге тілекстестік білдіреміз.

**А.З.АРЫСТАМБАЕВА,**
*аға оқытушы*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӘМІРҒАЛЕЕВА
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакциясының компьютер орталығында теріліп, беттелді. www.kaznu.kz сайтында Pdf нұсқасы жарияланды.

Бағасы келісім бойынша.

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшірілір басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген